



БҰЙРЫҚ

2020 жылғы 17 сәуір

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *74*

город Караганда

«Нур Light Citi» ЖШС банкроттық басқарушысын шеттегу туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес, «Нур Light Citi» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2017 жылғы 18 тамыздағы шешімі және 2020 жылғы 11 ақпандағы кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде, БҰЙЫРАМЫН:

1.«Нур Light Citi» ЖШС, БСН 141040001286 банкроттық басқарушысы Каламкас Амангельдиевна Сахова мүлікті және істерін басқарудан босатылсын.

2. Каламкас Амангельдиевна Сахова борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілген құжаттарын, барлық мүлкін (активтерін), сонымен қатар борышкердің морін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде тапсырсын.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы А.М. Адамбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

К.Орқашбаев